



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2021 ж. 27 қаңтар n 94
Қарағанды қаласы

№ _____
город Караганда

Қарағанды облысының
жалпы орта білім беру ұйымдарының
оқушыларын ыстық тамақпен
қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы XLIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» № 588 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» № 598 бұйрығына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 жылғы № 235 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып) **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қарағанды облысы білім басқармасының білім бөлімдеріне, облыстық мамандандырылған мектеп-интернаттарға және арнайы мектеп-интернаттарға:

1) 2021 жылғы 1 ақпаннан бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 1-11-сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс ұйымдастырылсын.

2) 2021 жылғы 1 қыркүйектен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-2 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс ұйымдастырылсын.

2. Қарағанды облысы білім басқармасының білім бөлімдеріне:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу


қағидалары (бұдан әрі мәтін бойынша-Қағидалар) шеңберінде ыстық тамақтандыру ұйымдастырылсын.

2) Ереженің 2-тарау 2-тармағының 22-тармақшасына сәйкес білім алушылардың жасына байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып, перспективті мәзір бекітілсін. Перспективті мәзірді бекіту кезінде осы бұйрықтың 1, 2-қосымшаларға сәйкес 1-2 - сыныптардың білім алушылары үшін және халықтың әлеуметтік осал топтарынан 1-11 - сыныптардың білім алушылары үшін әзірленген ұсынылатын бірыңғай мәзір пайдаланылсын.

3. Білім беру ұйымдары тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет-ресурста «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім басқармасы басшысының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Қарағанды облысы
білім басқармасының
басшысы



Г. Қожахметова



БҰЙРЫҚ

01 ақпан 2021

Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ 33

город Караганда

**Қарағанды қаласының
жалпы орта білім беру ұйымдарының
оқушыларын ыстық тамақпен
қамтамасыз ету туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы XLIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №588 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» №598 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 08.06.202 жылғы бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып) және Қарағанды облысы білім басқармасының 2021 жылғы 27 қаңтардағы №94 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу және тәрбие жұмысын үйлестіру секторына (Аульбекова Ш.Д):
 - 1.1. 2021 жылдың 01 ақпанынан бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-11 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар ұйымдастырылсын.
 - 1.2. Ыстық тамақтандырумен қамтамасыз ету жөніндегі құжаттар жалпы орта білім беру ұйымдары басшыларының назарына жеткізілсін.
 - 1.3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды

тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидасының 2-тарау 2 тармақшасына сәйкес білім алушылардың жасына байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестерінің массасын граммен көрсетілген, білім бөлімімен бекітілген перспективті ас мәзірі бекітілсін.

2. Жоспарлау-экономикалық бөліміне (Раимжанова Б.С.):

2.1. 2021 жылғы 1 қыркүйектен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-2 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс ұйымдастырылсын.

2.2. Бөлінген қаржының уақытылы меңгерілуін қамтамасыз етсін.

3. Білім ұйымдарының басшыларына:

3.1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын *(бұдан әрі мәтін бойынша-Қағидалар)* шеңберінде ыстық тамақтандыру ұйымдастырылсын.

3.2. Ережеге сәйкес күнделікті ас мәзірі бекітілсін. Күнделікті ас мәзірді бекіту кезінде осы бұйрықтың 1, 2-қосымшаларына сәйкес 1-2 сыныптардың білім алушылары үшін және халықтың әлеуметтік топтарынан 1-11 сыныптардың білім алушылары үшін әзірленген ұсынылатын бірыңғай мәзір пайдаланылсын.

3.3. Оқушылардың күнделікті тамақтану жағдайын қадағалау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

3.4. Ас блогының паспорты дайындалсын және бекітілсін.

3.5. Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша айлық есептердің уақытында тапсырылуы қамтамасыз етілсін.

3.6. Тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет-ресурста «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыруды қамтамасыз етсін.

2. Ыстық тамақ қызметін жеткізушілер (келісім бойынша):

2.1. 1 сынып оқушылары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен қарастырылған 1-11 сынып оқушылары үшін білім бөлімімен бекітілген перспективалық ас мәзірін және жалпы орта білім беру ұйымының басшысымен бекітілген күнделікті ас мәзірін ұстансын.

2.2. Әлеуметтік қорғалмаған отбасынан шыққан оқушыларды өз есебінен ыстық тамақпен қамту мүмкіншілігін қарастырсын.

2.3. Жалпы орта білім беру ұйымдарының оқушыларына арналған ыстық және буфеттік тағамдар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылдың 16 тамызы №611 бұйрығымен бекітілген санитарлық ережелерге, «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысына сәйкес ұйымдастырылсын.


3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды басшының орынбасары А.Бақтыбаевқа жүктеймін.

Басшының міндетін атқарушы



Н.Головина

Келісілді:
Басшының орынбасары



А.Бақтыбаев

орынд. А. Есенбекова

